

**Ақпарат**  
**12 Ақпан 2024ж**  
**«Менің сүйікті кітабым»**

Кітапхана меңгерушісі Н.Тенелбаева «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5-10 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті кітабым» челленджін өткізді.

Мақсаты: оқуға деген қызығушылықты дамыту және қолдау, оқырманның сөйлеуін, қиялын және ойлауын дамыту.

Челленджге қатысу үшін балалардың сүйікті кітабы мен ол туралы пікірі бар фотосуреттері, қатысушы оқыған кітабы туралы баяндайтын бейнеролик қабылданды.

«Менің сүйікті кітабым» челленджін өткізу балалардың ықыласпен оқығанын, оқыған кітаптары туралы қуана-қуана оқығысы келетінін көрсетті. Оқушылардың жұмыстары шығармашылық тәсілмен ерекшеленеді және кітаптың құндылығын насихаттайды.

Кітапхана меңгерушісі: Н.Тенелбаева



**«Тобаннаяз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ**

«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылындағы мектеп кітапханасында өткізілген іс-шараға ақпарат.

**Тақырыбы:** «Абайдың қара сөзі-тәрбие сөзі»

Тәрбие сабақ:	«Абайдың қара сөзі-тәрбие сөзі»
Күні:	15.03.2024 жыл
Кітапханашы :	Тенелбаева Н.
Сынып :	5-9-сынып
Өткізілетін орны:	Мектеп кітапханасы
Мақсаты:	Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту.
Үлестірмелі материалдар:	Плакаттар , кітаптар.
Дайындыққа арналған әдебиет	интернет материалдары



## **Ақпарат**

### **«Әжемнің ертегілері»**

**Бір мезетте бір сынып болып ертегілер оқу 9 Сәуір 2024 ж.**

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында**

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде 4 «ә», 3 «ә» сынып оқушыларымен «Әжемнің ертегілері» атты бір мезетте ертегілер оқуды ойдағыдай орындады. Оқушылар ертегілерді оқи отырып, бір бірін сыйлап, бір бірін тыңдай отырып қызықты уақыт өткізді. Оқушылар оқыған ертегілерінің мазмұнын айтып, оқушылармен бөлісіп, ертегідегі оқиғаларды талқылады. Бір біріне сұрақ қойып, қалаған сұрақтарына жауап алды. 4 «ә», 3 «ә» сыныбының оқушылары өте жақсы белсенділік танытты.

**Іс-шараның мақсаты: Оқушыларды қазақ ертегілерін ұмыт қалдырмауға шақыру.**

**Қатысушылар: 4 «ә», 3 «ә» сынып оқушылары**

**Ұйымдастырушы: мектеп кітапханашысы**





## Ақпарат

### «Кітаптар әлемі»

Танымдық сағат. 17 Сәуір 2024 жыл

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Мектептің 4-5 сынып оқушыларына мектеп кітапханасында «Кітаптар әлемі» атты танымдық сағаты өтті. Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітап елді сүйеге, талапты, кішіпейілділікке баулуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмыста қолданады. Одан ақыл-кеңес, тәлім-тәрби, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз екенін оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға баулу.

Ұйымдастырушы: мектеп кітапханашысы Теңелбаева Н.



